

**"Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 215 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 сәуірде № 4141 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 13 маусымдағы 2023 жылғы № 27 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 13.06.2023 № 27 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 33-бабының 5-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, Атырау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған ""Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекітілсін.

2. Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 98 "Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3791 санымен тіркелген, 2017 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін (М. Жамбылов).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXII сессия төрағасы  
Қалалық мәслихат хатшысы*

*С. Шомиров  
Қ. Әзмұханов*

Қалалық мәслихаттың 2018 жылғы 30 наурыздағы № 215 шешіміне қосымша

## **"Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың ӘДІСТЕМЕСІ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы 33-бабының 5-тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16299 тіркелген) сәйкес әзірленді және "Атырау қалалық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеді қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын бағаланушы қызметшінің тікелей

басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына "А" корпусы қызметшісінің келісіміне немесе "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4. "Б" корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда, соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі немесе ол болмаған жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) міндеттерін атқару жүктелген өзге құрылымдық бөлімше (тұлға) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 28.03.2022 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

1) НМИ жетістіктерін бағалау;

2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару қызметінде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

## **2-тарау. НМИ анықтау тәртібі**

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ жеке жұмыс жоспарында тікелей басшымен осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын, саяси қызметшінің меморандумын немесе "А" корпусы қызметшісінің келісімін жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару қызметінде сақталады.

### **3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі**

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қорытындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын

"Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парағын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парағы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парағы оның қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парағын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парағы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парағын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрған басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

#### **4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі**

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парағы толтырылады.

26. Бағалау парағын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4 немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4-нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

**5-тарау. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану.**

29. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы персоналды басқару қызметінің қызметшісі болып табылады.

Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын;

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері уәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Персоналды басқару қызметі "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысудан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 28.03.2022 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**42. Алынып тасталды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 28.03.2022 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

43. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін бағалау  
әдістемесіне 1-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН" Жоғары тұрған басшы \_  
\_\_\_\_\_ (тегі,  
аты-жөнінің бірінші әріптері) күні \_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

**"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары**

\_\_\_\_\_ жыл (жеке жоспар құрастырылатын  
кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) \_\_\_\_\_

Қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторлар дың атауы	Саяси мемлекеттік қызметшінің немесе "А" корпусы қызметшісі келісімінің қ а й көрсеткішінен немесе мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*

\* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер

Қызметші Тікелей басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) (тегі, аты-жөнінің бірінші  
әріптері) күні \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін бағалау  
әдістемесіне 2-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН" Жоғары тұрған басшы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (тегі,  
аты-жөнінің бірінші әріптері) күні \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

### НМИ бойынша бағалау парағы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.,  
бағаланатын тұлғаның лауазымы) \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_  
бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторларды н атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол жетті/ көрсеткішке қол жетпеді

Бағалау нәтижесі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші Тікелей басшы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні) (тегі, аты-жөні) күні \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

Нысан

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін бағалау  
әдістемесіне 3-қосымша

"БЕКІТЕМІН" Жоғары тұрған басшы \_  
\_\_\_\_\_ (тегі,  
аты-жөнінің бірінші әріптері) күні \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

### Құзыреттер бойынша бағалау парағы

\_\_\_\_\_ жыл (бағаланатын жыл)  
Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

№ р/с	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері ( күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаған мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану		
7	Қызметті тұтынушыларды хабарландыру		
8	Адалдық		
9	Жауапкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орнықтылық		

Қызметші Тікелей басшы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні) (тегі, аты-жөні) күні \_\_\_\_\_

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 4-қосымша

Нысан

**Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары**

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ	Е-2; Е-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді;</li> <li>- Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді;</li> <li>- Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді;</li> <li>- Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді;</li> <li>-Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және ұйымдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді;</li> <li>-Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді;</li> <li>-Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;</li> </ul>
	Е-4	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды;</li> <li>-Басшылыққа сапалы құжаттар дайындайды және енгізеді.;</li> <li>-Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады;</li> <li>-Белгіленген мерзімдерді сақтайды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Тапсырмаларды жүйесіз орындайды;</li> <li>-Сапасыз құжаттар әзірлейді;</li> <li>- Жедел жұмыс жасамайды;</li> <li>- Белгіленген мерзімдерді сақтамайды.</li> </ul>
		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады;</li> <li>-Бөлімшенің қоғаммен тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады;</li> <li>-Бөлімше және қоғаммен тиімді жұмыс ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды;</li> </ul>

ЫНТЫМАҚ- ТАСТЫҚ	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы)	-Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі; -Әрқайсысының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды.	-Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді; -Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды.
	E-4;	-Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді; -Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынасты дамытады; -Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындайды.	-Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді; -Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен және әріптестерімен өзара әрекеттеспейді; -Әріптестерімен мәселелерді талқыламайды.
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	-Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алады; -Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады; -Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылайды; -Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамдайды; -Мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды.	-Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; -Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; -Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; -Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамдайды; -Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді.
		-Қажетті мәліметтерді таба алады; -Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып	-Қажетті мәліметтерді таба алмайды; -Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді

	E-4	, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; -Өзінің пікірін негіздей алады.	ш е ш у д і ң альтернативасын ұсынбайды; -Негізсіз пікір білдіреді.
ҚЫЗМЕТТІ ТҰТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАНУ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	- Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді; - Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық деңгейін анықтауға жағдай жасайды; - Қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болу арқылы көрсетеді.	- Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді; - Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық деңгейін анықтауға жағдай жасамайды; - Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді.
	E-4	- Сыпайы және тілектестікпен қызмет көрсетеді; - Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді; - Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді .	- Қызмет алушыға дөрекілік және немқұрайлылық білдіреді ; - Тұтынушының сұрақтары мен мәселелеріне мән бермейді; - Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды.
ҚЫЗМЕТТІ ТҰТЫНУШЫНЫ АҚПАРАТТАН ДЫРУ	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы)	-Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қолжетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; -Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді; - Қ ы з м е т тұтынушыларының пікірін құрметтейді.	-Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; -Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе немқұрайлы және жақтырмай жеткізеді; - Қ ы з м е т тұтынушыларының пікірін елемейді.
	E-4	-Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады; -Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді;	-Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады; -Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді;

		-Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады.	-Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды.
ЖЕДЕЛДІЛІК	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	-Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді; -Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдайды; -Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді.	-Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; -Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; -Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.
	E-4;	-Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; -Оларды енгізудің жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; -Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылайды; -Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді.	-Жұмыстың қолданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; -Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; -Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды; -Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді.
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	-Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; -Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; -Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды.	-Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; -Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; -Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды.
		-Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; -Өзіндігінен дамуға ұмтылады, жаңа	-Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды;

	E-4	<p>ақпараттар мен оны қолданудың әдістерін ізденеді;</p> <p>-Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады.</p>	<p>-Өзіндігінен дамуға ұмтылмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды;</p> <p>-Өзінде бар дағдылармен шектеледі.</p>
АДАЛДЫҚ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	<p>-Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды;</p> <p>-Ұжымның мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды;</p> <p>- Жұмыста табандылық танытады;</p> <p>- Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады;</p> <p>- Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сақтауды қамтамасыз етеді;</p> <p>- Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.</p>	<p>-Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алуына жол береді;</p> <p>-Өз мүддесін ұжым мүддесінен жоғары қояды;</p> <p>-Жұмыста табандылық танытпайды;</p> <p>-Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды;</p> <p>-Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сақтауды қамтамасыз етпейді;</p>
	E-4;	<p>- Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді;</p> <p>- Өзінің жұмысын адал орындайды;</p> <p>- Өзін адал, қарапайым, әділ ұстайды, басқаларға сыпайылық және биязылық танытады.</p>	<p>-Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады;</p> <p>-Өзінің жұмысын орындау барысында немқұрайлылық білдіреді;</p> <p>-Өзін адалсыз, шамданған және басқаларға дөрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады.</p>
	E-2;	<p>- Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда,</p>	<p>- Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда,</p>

СТРЕССКЕ ОРНЫҚТЫЛЫҚ	Е-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
	Е-4	- Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	- Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
ЖАУАПКЕРШІЛІК	Е-2; Е-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	- Құрылымдық бөлімше қызметін ұйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады.	-Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғаға артады.
	Е-4;	-Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.	-Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғаға артады.
БАСТАМАШЫЛ ДЫҚ	Е-2; Е-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	- Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді.	-Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді.
	Е-4	-Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындайды.	-Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындамайды.

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 5-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН" Жоғары тұрған басшы \_\_\_\_\_  
(тегі, \_\_\_\_\_  
аты-жөнінің бірінші әріптері) күні \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ колы \_\_\_\_\_

### Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы) \_\_\_\_\_  
(бағалау мерзіміжыл) Бағалау нәтижелері

№	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің	Бағалау нәтижелері комиссиямен

р/с	аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия қорытындысы: \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ Тексерілді: Комиссияның хатшысы: \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, қолы) Комиссияның  
 төрағасы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні,  
 қолы) Комиссияның мүшесі: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, қолы)